



Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысы.

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 152 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 61-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы) бекітілсін.

2. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері:

1) Жол картасын іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне есепті жылдан кейінгі айдың 10-шы күнінен кешіктірмей Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі есепті жылдан кейінгі айдың 25-ші күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жол картасының іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 30 наурыздағы
№ 156 қаулысымен
бекітілген

Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы

Р/с №	Іс-шара атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжамды шығыстар, млн. теңге	Қаржыландыру көзі	ББ нөмірі
2020-2023 жылдарға барлығы	оның ішінде						
2020 жылы	2021 жылы	2022 жылы	2023 жылы				

кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
I. ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ											
1.	Қазақстан	Үкіметке	ІІМ,	2020 жылдың	талап	-	-	-	-	-	-

[illegible]

	толықтырулар енгізу мәселелерін пысықтау										
2.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде балаларға қатысты зорлық- зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу, олардың арасындағы суицид, құқық бұзушылықтар (буллинг) мәселелері бойынша, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және білім беру органдары мен ұйымдарын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру бойынша БҒМ-нің құзыретін кеңейту бөлігінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Үкіметке ұсыныстар	БҒМ, ҰЭМ, ДСМ, Еңбекмин і	2020 жылдың екінші жартыжылды ғы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
3.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 мамырдағы № 415 қаулысына: - БАК құрамын жаңарту; - БАК туралы ережеге олардың дағдарыс жағдайларына мобильді ден қою тетігін енгізу, және ҚР Үкіметі тарапынан БАК шешімдеріне мониторинг жүргізу, орталық және жергілікті	Үкімет қаулысы	БҒМ, ІІМ, 2020 ДСМ, Еңбекмин і, АҚДМ, ЖАО	жылдың екінші жартыжылды ғы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	мемлекеттік органдардың есептілігі бойынша өкілеттіктерін кеңейту бөлігінде өзгерістер енгізу										
4.	Білім беру ұйымдарында білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) санына байланысты мектеп психологына, әлеуметтік педагогқа жүктемені белгілеу бөлігінде мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына және педагог қызметкерлер тізбесіне өзгерістер енгізу	Үкіметке ұсыныстар	БҒМ, Қаржы министрі, ҰЭМ, ЖАО	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
5.	Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жүйесіне адамгершілік-рухани білім беруді интеграциялау бөлігінде "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығының мазмұнын жаңарту	бұйрық	БҒМ	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
6.	Білім беру ұйымдарында ауладағы	бұйрық	ДСМ, БҒМ, ЖАО	2020 жылдың екінші	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	дәретханаларды алып тастау бөлігінде "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу			жартыжылдығы						
7.	Білім беру ұйымдарының ғимараттары мен аумағында өткізу режимін, бөгде адамдардың болу тәртібін қамтитын білім алушылардың қауіпсіздігі шараларын күшейту бөлігінде білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидаларына және жарғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ПМ	2020 жылғы тамыз	талап етілмейді	-	-	-	-	-
8.	Хабарламалар рәсіміне қатысты БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына Факультативтік хаттаманы ратификациялау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	іс-қимыл жоспары	БҒМ, ПМ, АҚДМ, ИИДМ, ДСМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша)	2021 жылдың бірінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-
9.	Заңнамаға:	Үкіметке	БҒМ,	2021	талап	-	-	-	-	-

	- балалардың құқық қорғау органдарына өтінішпен өз бетінше жүгінуі; - баланың кез келген сот талқылауы барысында тыңдалу жасын төмендету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ұсыныстар	ПМ, АҚДМ, ДСМ, БП (келісу бойынша), ЖС (келісу бойынша)	жылдың бірінші жартыжылдығы	етілмейді						
10.	Өмірде қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту бөлігінде "Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	БҒМ, ДСМ, Еңбекмині, ПМ, ЖАО	2021 жылдың бірінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
11.	Педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтердің лауазымдық міндеттерін қайта қарау, білім беру деңгейлері бойынша "педагог-психолог" лауазымдарының функцияларын бөлу бөлігінде "Педагог	бұйрық	БҒМ, ЖАО	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу										
12.	Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қоюда патронаждық медициналық қызметтің рөлін нығайту бөлігінде нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу	бұйрық	ДСМ, БҒМ, ЖАО	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
II. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ											
13.	Жастар мен балалар арасында интернет-тәуелділіктің алдын алу, сондай-ақ азаматтардың цифрлық беделін қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру	әдістемелік ұсынымдар	АҚДМ, БҒМ	2020 жыл	РБ көзделген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-
14.	Мына: - мектеп жасына дейінгі балалады өрт қауіпсіздігі шараларына; - білім беру ұйымдарының оқушыларын (0-11 сынып) табиғи	әдістемелік ұсынымдар	БҒМ, ИМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайдағы іс-қимылдарға оқыту бойынша ұсынымдарды әзірлеу және тарату										
15.	Білім беру ұйымдарында татуласу (медиация) қызметін құру тәжірибесін зерделеу және тарату	БҒМ-ге ақпарат	БҒМ, ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	
16.	ҚР балалардың әл-ауқаты индексін әзірлеу және сынақтан өткізу (сынақ өткізу – 2020, 2021 ж., енгізу – 2022 ж.)	кұрал	БҒМ, ЖАО, Еңбекмині, ДСМ, ПМ	2020 – 2021 жылдар	80,0	40,0	40,0	-	-	Р Б	00 1
17.	Балаларға қатысты қатыгез қарым-қатынас жағдайларын анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл нұсқаулығын әзірлеу	нұсқаулық	БҒМ, ДСМ, ПМ, Еңбекмині, ЖАО	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
18.	Әлеуметтік салаларға ЖБ және РБ шығындарының көлеміндегі балалар бюджетін есептеу әдістемесін әзірлеу	кұрал	БҒМ, ПМ, АҚДМ, МСМ, ИИДМ, ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ, ЖАО	2020 жылғы желтоқсан	20,0	20	-	-	-	Р Б	00 1
19.	Балалардың құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың, қатыгез қарым-қатынастың, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және	бағдарлама	БҒМ ЖББ (келісу бойынша)	2020 – 2022 жылдар	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-

	девиантты мінез-құлықтың алдын алу жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және сынақтан өткізу										
20.	Зорлық-зомбылықтың құрбандары/ куәгерлері болған балалармен жұмыс жөніндегі оңалту іс-шараларының (шараларының) кешенін әзірлеу және іске асыру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖББ (келісу бойынша)	2021 – 2023 жылдар	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-
21.	Аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің жанындағы "Мектеп психологиялық қызметі" өңірлік жобалық кеңсесін құру және жұмыс істеуді пилоттық режимде сынау	бұйрық	БҒМ, ЖАО	2021 – 2022 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
22.	Кәмелетке толмағандар арасында және оларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынасқа және кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлқына ықпал ететін факторларға зерттеу жүргізу	талдамалық анықтама	БҒМ, ЖББ (келісу бойынша)	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-
23.	Өңірлік КТІҚҚК қызметін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	БҒМ, ІМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2021 жылдың бірінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
24.	Кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және	Үкіметке ұсыныс	БҒМ, ДСМ, ЖАО	2021 жылдың бірінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	девиантты мінез-құлықтың алдын алу саласында кадрлар даярлау бойынша халықаралық тәжірибені зерделеу және ұсыныстар әзірлеу										
25.	"Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтер жұмысына қойылатын бірыңғай талаптар" нұсқаулығын әзірлеу	нұсқаулық	БҒМ, ДСМ, ЖАО	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
26.	Кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық жағдайында жедел әрекет ететін мобильді топтардың қызметі туралы ереже әзірлеу	ереже	БҒМ, ИМ ЖББ (келісу бойынша)	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-
27.	Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмін әзірлеу	алгоритм	БҒМ ЖББ (келісу бойынша)	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-
28.	Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық, қатыгез қарым-қатынас, аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік және девиантты мінез-құлық фактілері тіркелген жағдайда білім	әдістемелік ұсынымдар	БҒМ, ЖББ (келісу бойынша)	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	ДБ көздеген қаражат шегінде	-	-	-	-	-	-

	беру мекемесінде үштік превенция жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу (оқу-тәрбие процесі субъектілерінің әртүрлі санаттары үшін)										
29.	Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағалау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	БҒМ, ПМ	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
30.	Отбасында, асырап алушы отбасында, білім беру ұйымдарында және бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда дене жазасына тыйым салуды енгізу жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу	Үкіметке ұсыныс	БҒМ, ПМ, ДСМ, ЖАО	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
31.	Психологиялық қолдау орталықтарының жанындағы фронт-офистің жұмыс тәжірибесін зерделеу және тарату	ұсынымдар	БҒМ, ЖАО	2021 жылғы қыркүйек	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
III. ҚЫЗМЕТТІ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ											
32.	Өңірлік ҚДНЖК қызметін талдау	талдамалық анықтама	БҒМ, ПМ, ДСМ, Еңбекмин	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

			i, ЖАО								
33.	Порнографиялық сипаттағы материалдарды, балаларға қатысты және олардың тарапынан қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпаратты, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын және Интернет желісінде тікелей және пайдалану арқылы жасалатын басқа да қылмыстарды насихаттауды қамтитын әлеуметтік желілер мен Интернеттегі парақшаларды мониторингтеуді жүргізу және тосқауыл қою	БҒМ-ға ақпарат	АҚДМ, ІІМ, ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
34.	Мыналарға: - мүгедек балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білімге тең қол жеткізуін қамтамасыз етуге; - әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту саласында қызмет көрсету мақсатында мүгедек балаларды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың қажеттіліктеріне;	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	- осы санаттағы балалардың және олардың қажеттілігінің деректер базасына мониторинг жасау										
35.	Балалар-жасөспірімдер клубтарының базасында отбасылық және ата-аналар клубтарының қызметін дамыту	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
36.	Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, жергілікті атқарушы органдардың деректер базасын интеграциялау	келісім, тестілеу және пайдалануға енгізу актілері	БҒМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2020 – 2021 жылдардағы желтоқсан	80,0	40	40	-	-	Р Б	00 1 10 4
37.	Облыстардың, қалалардың, аудандардың әкімдері аппараттарының КТІҚҚК хатшыларының штат бірліктерін енгізуді қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 жылғы желтоқсан	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
38.	ЕҰУ жанынан психологиялық қызмет зертханасын құру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ДСМ	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
39.	Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандары туралы статистикалық есептілікті жинауды жетілдіру	бұйрық	БП ҚСАЕАК (келісу бойынша), ПМ, БҒМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
IV. ІС-ШАРАЛАР											
40.	Кәмелетке толмағандарға және кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық пен білім алушылар	әдістемелік құрал	БҒМ	2020 – 2023 жылдар	20,0	5,0	5,0	5,0	5,0	Р Б	00 1 10 4

	арасында суицидтік мінез- құлық деңгейін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізу										
41.	Мыналар: - оқушылардың қауіпсіз мінез- құлық мәдениетін қалыптастыру, олардың арасында зорлық-зомбылық пен суицидтің алдын алу мәселелері бойынша білім беру ұйымдарының басшылары, директорлардың орынбасарлары, сынып жетекшілері, психологтар, әлеуметтік педагогтер мен медицина қызметкерлері; - отбасылық тәрбие мәселесі бойынша ата- аналар үшін онлайн режимінде семинарлар сериясын ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-
42.	Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың хатшыларына, балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандарға арналған кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық- зомбылықтың, құқық бұзушылықтарды ң, суицидтің алдын алу	ұсынымдар	ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-

	мәселелері бойынша семинарлар сериясын ұйымдастыру										
43.	"5-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері арасынан балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі елші" қоғамдық қозғалысын құру және дамыту	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
44.	Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне арналған "Күнделік" электрондық журналдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі шеңберінде: - психоэмоциялық мінез-құлық тұрғысынан балаларға психодиагностика жүргізу; - ішкі істер органдарында, мектепшілік есепте тұрған балалардың аутодеструктивті, оның ішінде суицидтік мінез-құлқына мониторинг жүргізу; - психологтарды әдістемелік сүйемелдеуді және балалар мен ата-аналарды психологиялық сүйемелдеуді қамтамасыз ету; - ата-аналар мен педагогикалық қоғам арасында ақпараттық-түсіндіру	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО	2020 – 2023 жылдар	бюджеттен тыс қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-

	жұмысын ұйымдастыру; - "Street Law" принципі бойынша балаларға арналған мобильдік қосымша жасау										
45.	Балалардың жағымсыз сайттарға кіруін қадағалау бойынша ата- аналарға арналған "Ата-аналардың бақылау жүйесі" тегін Smart- қосымшасын тарату	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	бюджетте н тыс қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-
46.	Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша білім басқармалары жанынан колл- орталықтар ашу	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
47.	Жаңа оқыту технологияларын қолдана отырып, жол полициясы, жол-пайдалану учаскелері, азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін, педагогтерді жарақат және жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетуге оқытуды ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ІІМ, ДСМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-
48.	Төтенше жағдайлар туындаған жағдайда оқу орындарының ғимаратынан қауіпсіз көшіру бойынша білім беру объектілерінде практикалық жаттығуларды (оқу эвакуациясы) ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	ІІМ, ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	және өткізу										
49.	Оқу күндері таңертеңгі және кешкі уақытта автомобиль көлігінің ағыны көп білім беру ұйымдарының жанында жаяу жүргіншілер өткелдерінде полиция қызметкерлерінің күнделікті кезекшілігін ұйымдастыру	ІІМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
50.	Республиканың жалпы білім беретін мектептерінің педагогтеріне жол қозғалысы ережелерін оқытудың жаңа тәсілдері бойынша өңірлік семинарлар өткізу	ІІМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
51.	Балалардың мектепке дейінгі мекемелерінің, жалпы білім беретін мектептердің, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың жанында және балалар көп баратын басқа да орындарда ЖҚО бұзушылықтарын фото-бейне тіркеудің стационарлық жүйелерін орнатуды қамтамасыз ету	Үкіметке ақпарат	ЖАО, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
52.	Мыналарды: - тротуарлар, жер асты (жер үсті) жаяу жүргіншілер өтпелері, жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары, автобус	ІІМ-ге ақпарат	ЖАО, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-

	аялдамаларының "қалталары", кәмелетке толмағандар жүретін жерлерде жүру бөлігін және көшелердің жаяу жүргіншілер өтпелерін жарықтандыруды; - оқушылардың жолдардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін теориялық және практикалық оқыту үшін балалар автоалаңшалары мен автокалашықтары құрылысын қамтамасыз ету										
53.	Білім беру ұйымдары мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың, денсаулық сақтау, спорт және бос уақытты ұйымдастыру мекемелерінің жанында: - "жылдамдық бәсеңдеткіш" жылдамдықты мәжбүрлі төмендету құралдарын; - жылдамдық шектегіштерді орнату	ІІМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ІІМ	2020-2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-
54.	Автобустарды жарқылдауық маяктармен, дыбыс сигналдарымен, "Балалар" белгілерімен жасақтап, мектептері жоқ ауыл оқушыларын қауіпсіз тасымалдаумен	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберін де	-	-	-	-	-	-

	қамтамасыз ету										
55.	Интернет кеңістігінде "Халықтық бақылау" қоғамдық қозғалысын құру және дамыту (мектеп автобустарының, автобус аялдамаларының, ашық кәріз люктерінің, бекітілмеген және сынған әткеншектердің фото және бейне түсірілімдері және т. б.)	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
56.	"Назар аударыңыз, балалар!", "Автобус", "Қауіпсіз жол" , "Түнгі қаладағы балалар", "Жасөспірім", "Сіріңке – бір өмірдің бағасы" және т. б. жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	ІІМ, ЖАО, БҒМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
57.	Көп балалы және аз қамтылған отбасылардың, мүгедектердің және өзге де санаттағы адамдардың тұрғын үйлерін: - қатты отынды пайдаланатын өңірлер үшін – улы газдың датчиктерімен; - газдалған өңірлер үшін – газталдағыштармен жарактандыру мүмкіндігін қарастыру	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, ІІМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
58.	Қазақстан аумағындағы ата-аналарынсыз жүрген балаларды репатриациялау	Үкіметке ұсыныс	БҒМ, ІІМ, Еңбекмині	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	және отбасына қосу мәселелері жөніндегі шараларды жетілдіру										
59.	Жастар мен балалар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар кешенін іске асыру	БҒМ-ге ақпарат	АҚДМ, ЖАО	2020 жыл	РБ, ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
60.	Ауылдық және қалалық жерлердегі балалар мен жастарға арналған адам құқықтары, ақпараттық буллингке қарсы семинарлар сериясын өткізу	балалар мен ата-аналарға арналған ақпараттық материалдар	АҚДМ, БҒМ, ЖАО	2020 жыл	РБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
61.	Білім беру ұйымдарын 100% бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруды және ірі қалаларда ішкі істер органдарының жедел басқару орталығына шығаруды қамтамасыз ету	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, ИМ	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
62.	Білім беру ұйымдары ғимараттарын жылы дәретханалармен жабдықтау бойынша шаралар қабылдау	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, БҒМ	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
63.	Мектептердің толықтырылуын ескере отырып, білім беру ұйымдарында мамандандырылған күзет енгізу жөнінде шаралар қабылдау	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО, ИМ, БҒМ	2020 жылдың екінші жартыжылдығы	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
64.	Оқушының келуі/кетуі туралы ата-аналарды хабардар ете отырып (СМС және электрондық	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО, ИМ	2021 жылдың бірінші жартыжылдығы	бюджеттен тыс қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-

	поштаны қолданумен) ұялы телефондардың мамандандырылған электрондық датчиктерін (чиптерін) енгізу										
65.	ЖОО мен колледждерге "Буллинг және балалар қауіпсіздігі", "Балалар девиациясы, эмоциялық интеллект және психикалық денсаулық" модульдері мен тақырыптарын енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу	ЖОО-ға ұсынымдама лар	БҒМ	2021 жылдың екінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
66.	Балаларға арналған бірыңғай тарифпен балаларды жағымсыз интернет-контентке қол жеткізуден қорғау бойынша балалар СИМ-карталарын енгізу	Үкіметке ақпарат	БҒМ, ЖАО, ИМ	2022 жыл	бюджетте н тыс қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-
67.	8-11 сынып оқушылары мен колледждердің 1-2 курс студенттеріне арналған "Тұлғаның өзін-өзі дамыту психологиясы", "Саналы қарым-қатынас: отбасында, мектепте, қоғамда тиімді коммуникация дағдылары", Street Law: барлығына арналған адам құқығы және балаларды зорлық-зомбылықтан және буллингтен қорғау" атты	ұсынымдар	БҒМ, ЖАО	2022 жылдың бірінші жартыжылдығы	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

	сынып сағаттарын ұйымдастыру және өткізу										
V. АҚПАРАТТЫҚ- ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ											
68.	БАҚ-та, интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, YouTube арналарда балалар мен олардың ата-аналарына арналған: - адамгершілік-рухани білім беру және қоғамда отбасы, бала құндылығын қалыптастыру; - репродуктивті денсаулықты қорғау; - қауіпсіздік құралдарын (балалар велосипед шлемдері, балалар автокреслосы және қауіпсіздік белдіктері, биік тұрғын үйлерде терезе қоршауларын орнату, құтқару кеудешелерін қолдану және т.б.) пайдалануды насихаттау; - балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру (оның ішінде зорлық-зомбылықты, өртті, терезеден құлауды, кездейсоқ суға батуды, жарақаттануды, ТЖ, ЖКО,	бейнероликтер, инфокестелер, постерлер, дайджесттер	ЖАО, ІІМ, БҒМ, ДСМ, АҚДМ	2020 – 2023 жылдар	ЖБ көзделген қаражат шеңберінде	-	-	-	-	-	-

	кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау); - балаларды кибербуллинг пен киберқылмыстан қорғау бойынша бейнероликтер, инфографикалар, постерлер әзірлеу және орналастыру										
69.	"Үздік мектеп сайты", "Білім бөлімінің үздік сайты", "Үздік Facebook, Instagram парағы" атты өңірлік конкурстарды ұйымдастыру	БҒМ-ге ақпарат	ЖАО	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-
70.	Адамгершілік-рухани білім беру, зорлық-зомбылықсыз балаларды тәрбиелеу, балалардың құқықтарын қорғау мәселелерін жария ететін журналистер, қоғамдық пікір көшбасшылары, блогерлер пулын құру	Үкіметке ақпарат	БҒМ	2020 – 2023 жылдар	талап етілмейді	-	-	-	-	-	-

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АҚДМ – Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

ББ – бюджеттік бағдарлама

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

БП ҚСАЕАК – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ВАК – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия

ДБ – Дүниежүзілік банк

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЕҰҰ – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

ЖАО – жергілікті атқарушы орган

ЖБ – жергілікті бюджет

ЖББ – Дүниежүзілік банктің "Орта білімді жаңғырту" жобасын басқару тобы

ЖКО – жол-көлік оқиғасы

ЖҚЕ – жол қозғалысы ережелері

ЖОО – жоғары оқу орындары

ЖС – Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты

ИИДМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

КТІҚҚК – кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҚР ӨҚБТК – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

ҚР ҚК – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

МСМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

РБ – республикалық бюджет

ТЖ – төтенше жағдайлар

ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі